«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, № 100 ғимарат
тел./факс 8 (7292) 31-90-92, 31-91-48

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, г Актау, 23 микрорайон, дом №100,
тел /факс: 8 (7292) 31-90-92, 31-91-48

№02-09/1802.
06.08.2018 ж

«АЙКОМ Ltd» ЖШС
Маңғыстау облысы, Ақтау қ.
Микрорайон 30 169

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 2018 жылдың 19 шілдедегі № 18957, 18956, 18954 санды шағымыңызды қарастырып келесіні хабарлайды.

«Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі 2656675-1, 2656720-1, 2657246-1 санды өткізілген мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде, Сіздің шағымыңызда көрсетілген мәселелер өз дәлелін ішінара тапты.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының 155-тармағына сәйкес, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Сонымен қатар, Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасында көрсетілген ескертпелерге сәйкес, егер конкурстың нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және реконструкциялау болып табылған жағдайда, онда күрделі жөндеуді қоспағанда, жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау жұмысының тәжірибесі ескеріледі және құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс

06.03.2018 ЕСЭДО ТО (версия 7.18.4)

түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі.

Әлеуетті өнім берушінің құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау) есептеу кезінде жиынтықта ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі есептеледі.

Аталғанды ескере, «АЙКОМ Ltd» ЖШС-нің конкурстық өтінімдерінде көрсетілген жұмыс тәжірибесі үшін шартты жеңілдік 7,6 % құрайды.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған конкурстар бойынша «АЙКОМ Ltd» ЖШС-нің конкурстық өтінімдеріндегі банктік кепілдіктер конкурстық құжаттамаға сәйкес жасалған.

Сондықтан, «АЙКОМ Ltd» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері негізсіз конкурсқа жіберілмеген анықталды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша ұйымдастырушының мекен-жайына бұзышылықтарды жою жөнінде хабарлама жолданылды.

Егер, қыбалданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12-бабына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Рамазанов Д.
тел: 330239